БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 245 (9307) | 1953 жылғы 15 декабрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Егер барлық жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары, ауыл шаруашылығының мамандары мен ұйымдастырушылары коммунистер мен комсомолецтер, барлық колхозшылар, МТС-тер мен совхоздардың барлық қызметкерлері мал шаруашылығын онан әрі өркендету ісін батыл және қажырлылықпен қолға алып, бұл үшін күш-құралдарды аямай жұмсайтын болса, таяудағы 2-3 жылдың ішінде еліміз халық тұтынатын етті, сүтті, майды, жұмыртқаны және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін, ал, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізаттың аса маңызды түрлерін мол алатын болады.

(СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы қаулысынан).

Жұмысшы жастардың кешкі мектебі

Үкметіміз бен партиямыз жұмысшылардың, әсресе, жұмысшы жастардың мәдени және техникалық білім дәрежесін көтеруге күнбе- күн жете көңіл бөліп, олардың жұмыстан бос уақыттарында жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде оқып, жалпы білім алуларына қажетті жағдайлардың бәрін жасап отыр.

Біздің елімізде халық шаруашылығы қызу қарқынмен өркендеуде. Өнеркәсібіміз алдыңғы қатарлы техникамен жылдан жылға мол қарулануда, өндіріс техникасы мен мәдениетінің дәрежесі арта түсіп, ғылым табыстары өндірісте кеңінен пайдаланылуда. Олай болса, жаңа советтік озат техникамен қаруланған өнеркәсін орындарында Отан игілігі үшін еңбек етуші әрбір жұмысшының әржақты білімді болуы керек.

Совет жастарының білімге деген құмарлығы, мәдениетті болуға, ой- өрісін кеңейтуге ұмтылуы өте күшті. Жастардың осы талабын жүзеге асыруда жұмысшы жастардың кешкі мектептері зор роль атқаратындығы мәлім.

Елімізде жұмысшы жастардың кешкі мектептерінің саны жылдан жылға көбейіп, оларда оқыйтын жас жұмысшылардың қатары өсе түсуде. Өндірістен қол үзбей кешкі мектептерде оқу оқып, жыл сайын көптеген жас жұмысшылар орта және жоғары білім алып шығуда.

Мұны біздің облысымыздың мысалдарынан да айқын көруге болады. Үстіміздегі оқу жылында облысымыздағы жұмысшы жастардың 9 мектебінде 1651 жас жұмысшы оқып жүр. Олардың көпшілігі оқуға үздіксіз қатысып, білім негіздерін терең меңгеруде.

Мәселен, қаладағы Киров атындағы мектепке орналаскан жұмысшы жастар мектебінің VII класс оқушылары Новиков, Сухарев, Дурнов, X класс оқушысы Васильев жолдастар оқуды жақсы оқып жүрген үздік оқушылар болып саналады.

Қаладағы жұмысшы жастардың кешкі мектептерінің барлығы дерлік жақсы жабдықталған үйлермен, тәжрибелі оқытушы кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Көптеген кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары, кәсіподақ, комсомол ұйымдары жұмысшы жас жігіттер мен қыздардың өндірістен қол үзбей оқуына жете көңіл бөліп, олардың білім негіздерімен дігін айтудың өзі- ақ толық дәлел бола алады. Бір ғана қаладағы жұмысшы жастардың кешкі мектептерінің өзінде 448 оқушы оқуды нашар үлгерім жүр.

Оқу жылының бірінші жартысы аяқталуға санаулы ғана күндер қалды. Ал, жұмысшы жастар мектептерінде оқу сапасын жақсартуда, жастардың оқуға қатысуында осы сыяқты елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Істің жайы солай болатұрса да, осы өткен мерзім ішінде өз мүшелерінің өндірістен қол үзбей қалай оқыш жүргендігі жөніндегі мәселемен не бірде- бір кәсіподақ ұйымы, не бірде- бір комсомол ұйымы жете шұғылданбады десек, қателеспеген болар едік.

Жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде оқушылардың оқуды нашар үлгеруінің басты себептерінің бірі —бірқатар жерлерде бұл мектептердің біркелкі жұмыс істеуіне қажетті жағдай туғызылмауында. Мәселен, облыс аудандарындағы кейбір жұмысшы жастар мектептерінде мұғалім кадрлары жетіспейді. Смирнов жұмысшы жастар кешкі мектебінде IX-X кластарға физика, математика, шет тіл пәндерінен сабақ беруші мұғалім жоқ. Ал, Бұлаев, Мамлют жұмысшы жастар мектептерінде X класс оқушыларына әдебиет, алгебра пәндерінің оқулықтары жетіспейді. Сол сыяқты, бұл мектептердің директорлары мектептерді жарықпен қамтамасыз етпеген. Мұның өзі мектепте оқуды белгіленген күндерде үнемі өткізін отыруға кері сінше әсерін тигізбей отырған жоқ.

Жұмысшы жастардың кешкі мектептерінің жұмысын жақсарту мемлекеттік маныз зор іс болып саналады. Сондықтан облысымыздың халық агарту орындары кешкі мектептерді мұғалімдермен толықтыру, оларды оқулықтармен қамтамасыз ету ісінде болып келген кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын қарастырып, жұмысшы жастардың кешкі мектептерінің үнемі, бірқалыпты жұмыс істеуіне қажетті жағдай туғызулары керек.

Жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде оқу сапасын жақсарту, жас жұмысшылардың өндірістен қол үзбей оқуының жайымен үнемі танысып, көңіл бөліп отыру кәсіпорындары мен мекеме партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірінен саналады.

Молшылық жасау жолында

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас елімізде азық- түлік молшылығын жасау ісіне кәзірдің өзінде толық бағалы үлес қосып келе жатқан озат колхоздардың қатарында Москва облысы, Раменск ауданының колхоз өндірісінің тамаша ұйымдастырушысы Н. И. Пузанчиков жолдас басқарған Молотов атындағы колхозын да атады.

Редакция төменде Н. И. Пузанчиков жолдастың мақаласын жариялап отыр. Ол онда Молотов атындағы колхоздың жұмыс тәжрибесін ортаға салады.

☆

Н. ПУЗАНЧИКОВ,

Москва облысы, Раменск ауданының Молотов атындағы колхозының председателі

☆

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас былай деді:

«Халықтың сүт және сүт өнімдері жөніндегі тілегін толық қанағаттандыру үшін еліміздегі барлық егістік жерлердің, шалғындар мен жайылымдардың әрбір 100 гектарына 260 центнерден сүт алып отыру керек. Ал, 260 центнер сүт алып отыру үшін әрбір 100 гектар егістік жерде, шалғында және жайылымда орта есеппен жылына 2500—2600 килограмм сүт беретін кемі 10 сыйыр болуы керек.

Халықтың ет және ет өнімдері жөніндегі тілегін қанағаттандыру үшін барлық егістік жерлердің, шалғындар мен жайылымдардың әрбір 100 гектарына 27 центнерден ет алып отыру керек. Бұл арада шошқа шаруашылығын мейлінше өркендетіп, әрбір 100 гектар егістікте кемі 30 центнерден шошқа етін алып отыру керек».

Біздің колхозда бұл нормалар әлдеқашан артығымен орындалды. Әрбір 100 гектар егістік жерге, шалғындар мен жайылымдарға өркайсысы кемінде 4,5 мың килограмнан сүт беретін 19 сыйыр келеді. Мұның өзі әрбір 100 гектар егістік жерге 710 центнерден аса сүт келеді деген сөз. Егістік жердің, шалғындар мен жайылымдардың әрбір 100 гектарына 30 центнерден аса ет алып келеміз. Артель біріккеннен бергі үш жылдың ішінде колхозшылар астық, қартоп, овощь, жеміс, жидек өндірісін елеуір ұлғайтуға жетісті, олардың өнімдері жоғары және тұрақты болуда.

Колхоз қоғамдық шаруашылықты мейлінше тез қарқынмен өркендетудің және колхозшылардың материалдық тұрмыс дәрежесін үздіксіз арттырудың кең жолына —молшылық жасау жолына түсті.

Біз, әсресе, сүт беретін мал шаруашылығын өркендетуге және шошқаларды семіртуге ерекше көңіл бөлеміз. Берік жемшөп қорының жасалуы, малдардың жақсы жабдықталған қораларға орналастырылуы, фермалардағы еңбекті көп керек ететін

және 266 гектар шалғындар мен жайылымдар) ірі қарамалды, шошқа мен жылқыны, қойды, қояндар мен құсты жыл бойына көптеп қолда күтуге мүмкіншілік береді.

Құнарлы мал азығының көпшілігін овощь шаруашылығынан аламыз. Бұл шаруашылықты жан- жақты өркендетудің артықшылығын көрсетеді.

Өткен жылы колхоз 3 миллион 90 мың сомдық жалпы табысының 1 миллион 700 мың сомын мал шаруашылығынан алды.

қыздарды 17—22 центнерден, картопты 170 центнерден, суармалы жерлерден овощьты 300 центнерден, тамыр-жемісті мал азығын 400—500 центнерден жыйнап келеміз. Бұл өнімнің орташа мөлшері, жекелеген участоктерде ол бұдан әлде қайда жоғары.

Мол өнімнің негізі— дұрыс тоғыз танапты және овощь -малазығындық ауыспалы егістер.

Төрт жыл бойына колхоз басқармасы овощьтар және тамыр- жемісті мал азығын өсіруші бригадалар мен звенолардың құрамын ауыстырған емес. Олар арнаулы бір дақылды өсіруге мамандануда. Бригадирлер, звеношылар, сол сыяқты, көптеген қатардағы колхозшылар ұшжылдық агротехникалық курстарды бітірді. Олар колхозшы агрономы П. Усачевпен және Раменск МТС-нің Матвей Сабуров басқарған трактор бригадасымен бірге жер шаруашылығының жоғары мәдениеттілігін қамтамасыз етуде.

Механизаторлардың көмегімен біздің колхозда картопты шаршы- ұя әдісімен отырғызу, ерте пісетін овощьтарды шымтезек- шірінді құмыраларда өсіру, овощьтар мен шөптерді механикалық жолмен себу, дәнді дақылдардың ауыспалы егісін жүзеге асыру, тұқымдарды яровизациялау және шынықтыру, топырақты органикалық және минералдық тыңайтқыштармен өңдеу, өсімдіктерді коректендіру және басқалары қолданылады.

Колхозда ауылшаруашылық жылы аяқталды. Суық түскенге дейін кеш пісетін овощьтар мен малазығындық дақылдар жыйналды. Мал өсірушілер мал қыстатуға үлгілі әзірленді. Барлық мал жылы және жарық қораларға орналастырылған, жемшөппен қамтамасыз етілген. Колхозшылар еңбеккүндеріне толық табыс алады. Әрбір еңбеккүнге 400 грамнан бидай, 7 килограмнан картоп, 5 килограмнан овощь берілуде. Әрбір еңбеккүнге 8 сомнан ақша бермекпіз.

Колхоздың табыстары даусыз. Бірақ, колхозшылар

Облыс кәсіпорындарында

869 мың сом үнем

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Азық- түлік товарлары өндірісін ұлғайту және оның сапасын жақсарту туралы» қаулысы Петропавл консерві заводы коллективі арасында жаңа зор еңбек өрлеуін туғызды. Бұл күндері мұнда консерві шығаруды ұлғайту, оның сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту, шикізат пен материалдарды көптеп үнемдеу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алуда.

Заводта өнім шығару жоспарының орындалуы, еңбек өнімділігінің артуының, шикізат пен материалдарды жұмсаудың жайы күнбе- күн есептелін, оның қорытындылары жұмысшыларға, цех бастықтарына, мастерлер мен бригадирлерге естіртілін отырылады. Бұл жұмыстағы кемшіліктерді кезінде ашып, жоюға да қолайлы жағдай туғызып келеді.

Осындай шаралардың жүзеге асырылуы нәтижесінде заводта консерві шығару бартан сайын ұлғайып, оның өзіндік құны үздіксіз кемуде. Мұнда әсресе, ет сылу ісі үлгілі ұйымдастырылған. Нормадағыдан артық сылынған еттен завод кәзірдің өзінде 170 мың банк консерві жасап шығарды. 36 мың сомның жетіспейтін материалдары үнемделді. Өнімнің өзіндік құны октябрь айында 7,3 процент кемітілді. Кәзір завод 869 мың 400 сом қаржы үнемделді. Шикізат пен материалдарды үнемдеп, өндірістік тапсырмаларды мінсіз орындап жүрген цехтар мен бөлімшелер заводта аз емес. Коммунист, мастер Уәйс Ыбраев пен мастер Нина Горбатовская жолдастар басқарған ет сылу бөлімшесінің коллективі үнемі жоғары көрсеткіштерге жетіп келеді. Өткен он үй уақыт ішінде бөлімше етті нормадағыдан көп сылып отырып, 50 мың килограмм ет өнімдерін жоспардан тыс берді. Бұл жөнінде ет сылушылар К. Азмухаметов, Н. Балашова жолдастар, ет кесушілер А. Зейнутдинова, К. Минакова жолдастар жоғары көрсеткіштерге жетті. Олардың әркайсысы сменалық тапсырмаларды ұдайы артығымен орындап отырады.

Осымен бірге заводтың жұмысшылары мен инженер- техниктері еңбек өнімділігін арттырып, консерві шығаруды ұлғайтуға бағытталған жаңалық ұсыныстар енгізуде. Инженер механик В. Акимов және ага механик П. Кузнецов жолдастар банктерді конвейерлі түрде жөнелтетін элева-

қаруланууына қолайлы жағдай туғызуда.

Алайда, бізде ертеңгі күні кәсіпорындарының табысқа жетуі көп реттерде жастардың бүгін оқуды қаншалықты жақсы оқыйтындығына байланысты екеніне жете мән бермейтін шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдары басшылары жоқ деуге болмайды. Мәселен, Киров атындағы заводтың кешкі мектептерде оқып жүрген 84 жұмысшысынан 32 жұмысшы оқуды үлгермейді. Кейбір оқушылар оқудан мүлдем қол үзіп кеткен. Бұл жағдайды біле-тұра заводтың партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары өз жұмысшыларының жұмысшы жастар мектебінде жалпы білім дәрежесін қалай көтеретіндігін бақылап отыру ісімен жете шұғылданбай келеді.

Бұл сияқты кемшіліктер шағын двигательдер заводында да жоқ емес. Бұл заводтың жұмысшы жастары оқуға оқтатекте ғана қатысады, тіпті кейбір жұмысшылар оқудан мүлде қол үзіп кеткен. Егер жыл басында мұнда VII класта 53 адам оқыса, қазір тек 48 адам, ал, V класта 40 адамнан 25 адам ғана оқып жүр. «Бізді көп реттерде кешкі оқуға бару үшін жұмыстан босатпайды» деген сөзді заводтың жас жұмысшыларынан жиі естуге болады.

Облысымызды тұтас алғанда жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде оқушылардың оқу үлгеруі өте- мөте қанағаттанғысыз болып отыр. Бұған өндірістен қол үзбей жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде оқып жүрген 1651 оқушыдан 504 оқушының оқуды нашар үлгеріп келгенсіп болса, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде оқу сапасын жақсарту жөнінде күнбе -күн көмек көрсетіп отырулары қажет.

Кәсіподактардың заводтық және жергілікті комитеттері жатақханаларда тұрушы жас жұмысшылардың оқуға дайындалуы үшін жеке бөлмелер жабдықтап, олардың өндірісте күндік тапсырмаларды орындауын қалай бақылап отырса, оқуды қалай оқып жүргенін де үнемі солай бақылап отырулары қажет.

БЛКЖО Орталық Комитеті XII пленумының кешкі мектептердің жұмысын жақсарту жөнінде алға қойған міндеттерін мұлтіксіз орындай отырып, комсомол ұйымдары жастардың оқуды жақсы оқуына қамқорлық жасауға, оқушыларға нақты көмек көрсетіп отыруға міндетті. Жас жұмысшылардың мектептерден кетіп қалуын болдырмау, олардың оқудың толық курсын бітіріп шығуына жетісу —комсомол ұйымдарының басты міндеттерінің бірі.

Әрбір жас жұмысшы өндірістен қол үзбей оқып, орта және жоғары дәрежелі білім алуға тиіс. Біздің елімізде жастардың білім алуына қажетті жағдайдың бәрі бар. Әрбір жас жұмысшының міндеті өндірістік тапсырмаларды асыра орындаумен бірге, сабаққа үнемі қатысып, оқуды жақсы оқу, сөйтіп, оқу жылын үлгілі аяқтау болып саналады.

Жұмысшы жастар кешкі мектептерінің жұмысына жете көңіл бөліп, оларда оқу сапасын мейлінше жақсарта берейік!

Қазақстан және Украина ғалымдарының творчестволық байланыстары

Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық ғылми кітапханасы Украинаның ғылми- зерттеу мекемелерінің бірсыпыра еңбектерін алды. Олардың ішінде «Украин биохимия журналының» үшінші номері, Украин ССР Ғылым академиясы шығарған соңғы хабарлар жыйнағы бар. Бұл кітаптармен бірге УССР Ғылым академиясының зоология институтының Қазақстан зоологі Сталиндік сыйлықтың лауреаты И. Галузоның Алматыдан жіберілген еңбектері үшін алғыс айтқан хат келді.

Қазақ ССР-нің Ғылым академиясы Украинаның 23 ғылми- зерттеу мекемесімен ғылми еңбектер алысып отырады. Үстіміздегі жылдың басынан бері жүзден аса ғылми еңбек алынды. Қазақстаннан ғалымдардың 200-дей еңбегі жіберілді.

ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Д. Қонаев жолдас мынаны хабарлады:

—Туысқан республикалар ғалымдарының достығы олардың бірсыпыра халықшаруашылық проблемаларын бірлесе шешіп отырғанынан айқын көрінеді. Белгілі украин ғалымы Днепропетровскінің кенметаллургия институтының профессоры П. Каниболоцкий Орталық Қазақстанның темір тектес кварциттерін зерттеп, өнеркәсіптік баға беруде зор көмек көрсетті. Украинаның астық шаруашылығының ғылми- зерттеу институты, Украинаның социалистік егіншілігінің ғылми- зерттеу институты және басқа мекемелері тыңайтқыштардың жаңа түрлерін —Қазақстан химиктері ойлап тапқан термофосфатты сыннан өткізуде.

Қазақ ССР Ғылым академиясында Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге әзірлік басталды.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының ғылми советі халықтың өлең творчестосы саласындағы ғылми- зерттеулердің қорытындысын шығарды.

Қазақ халық творчестосы бөлімі филология ғылымының докторы Н. Смирнованың басшылығымен «Советтік дәуірдегі қазақ халық-өлеңдер творчестосы» деген еңбекті аяқтады. Абай творчестосын зерттеу бөлімі қазақтың аса көрнекті ағартушысы Абай Құнанбаевтың жаңа шығармалар жыйнағын құрастыру жөніндегі еңбегін аяқтады; бұл жыйнақты институттың бір топ ғалымдары баспаға әзірлеуде. Жамбыл шығармаларының жаңа жыйнағын басып шығару жұмыстары аяқталуға жақын. Дүниежүзілік әдебиет институтына арналып «Қазақ совет әдебиетінің өркендеуінің негізгі кезеңдері» очерктері әзірленді.

(ҚазТАГ).

Н. И. Пузанчиков.

Бұл қаржының едәуір бөлегі товарлы- сүт фермасының үлесіне тиеді. Алдын-ала шығарылған есепке қарағанда, оныңғы жылы бүкіл шаруашылықтан алынатын табыс сияқты мал шаруашылығының табысы да едәуір көп болады.

Біз жыл сайын мал шаруашылығы орындарын салуға, еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландыруға 600 мың сомға дейін қаржы жұмсаймыз. Артельдер біріктірілгеннен бергі үш жыл ішінде 200 сыйыр сыятын екі қора салдық, ол екеуінің арасы сыйыр сауу залымен қосылған; шошқа қорасын және бұзау тұратын үй салдық, олардың әрқайсысында 150 орын бар; сол сияқты, барлық малға азық дайындайтын цех, фермаларға су жеткізетін проводтары бар артезиан скважинасын, 1 мың тонна тамыр- жеміс және концентрат сақтайтын қойма салдық. Мал азығын дайындау, сыйыр сауу, сумен жабдықтау, ферманың ішінде сыйырлар тұратын жерге азық жеткізу және көңді сыртқа шығару механикаландырылған. Мал шаруашылығы орындары орталық усадьбада орналасқан, олардың арасында асфальтталған жол бар.

Еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландырудың зор пайдасы бар. Мәселен, қысқы маусымда фермаларда тәулігіне 30—40 текшеметр су жұмсалады. Егер осы су көлікпен тасылып, малдарға шелекпен берілсе, күн сайын 15—17 адам және 5—6 ат керек болар еді. Қазір бұл күш басқа жұмыстар үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, автоматтық жолмен суару алынатын сүтті кемінде 8—10 процент көбейтеді. Сыйыр сауу залын жабдықтау сауыншылардың еңбек өнімділігін 5—6 есе арттырды. Сол сияқты, ферманың ішінде мал азығын -тасу, мал азығын дайындау жұмыстарын механикаландырудың да ерекше зор пайдасы бар.

Колхоздың перспективалық бесжылдық жоспарында мал шаруашылығындағы жұмыстарды толық механикаландыру көзделген. Алдын- ала жасалған есепке қарағанда, мұның өзі жылына 18 мың еңбеккүн, 5 мың күн- ат, ал, ақшаға шаққанда —500 мың сом қаржы үнемдейді.

... Мал шаруашылығы қызметкерлері еңбегінің барған сайын өсіп отырған мәдениетін ешбір ақшаға балауға болмайды. Кеше ғана машинамен таныс емес болып келген ферма қызметкерлері қазір электриктер, техниктер: сыйыр сауу залының күрделі аппаратын толық меңгерген біздің сауыншыларымызды басқаша атауға да болмайды. Тазалығынан жалтырап тұрған бұл залда сыйырды электр қуатымен сауатын аппаратты 22 станок, зоотехникалық- малдәрігерлік кабинет, сүт сақтайтын, ыдыс сақтайтын, сауыншылар демалатын бөлмелер бар.

Негізгі жеріміз құм аралас сазақты болып келсе де, біздің колхозда егін шаруашылығы кем өркендеп отырған жоқ.

Соңғы 3—4 жылда осы жердің әрбір гектарында біз күздік және жаздық дақылдарды ерекше ынтамен, ерекше ынтамен, ерекше ынтамен,

Сауда жұмысын жаңа талаптарға сай ұйымдастыру—аса маңызды міндет

Халықтың өнеркәсіп пен азық- түлік товарларына деген өскелең қажетін барынша толық қанағаттандыру жөніндегі шұғыл міндетті орындауда товар айналымын кеңінен өрістетудің және мемлекеттік, кооперативтік, колхоздық сауданы ұйымдастыру ісін жақсартудың зор маңызы бар. Міне, сондықтан да ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулы қабылдап, советтік сауданы жақсартудың аса маңызды шараларын белгілеп берді.

Соңғы жылдарда ауданда товар айналымы біраз артып, сауда жұмысының мәдениеті жақсара түсті. Сөйтіп, еңбекшілерге күнбе- күн керекті товарлардың үздіксіз сатылуын қамтамасыз ету, тұтынушыларды қамту ісінде едәуір табыстарға қол жетті. Тұтынушылардың керексінуін тыңғылықты өтеуге сай игілі жұмыстар істеп, товар айналымы жоспарын мінсіз орындап келе жатқан сауда орындарының саны да барған сайын көбейіп келеді. Бұған мысал ретінде Баян селолық тұтынушылар одағын (председателі Касенов жолдас) және Преснов, Приешім совхоздарының жұмыспылар кооперацияларын (председателі Гах, Пономаренко жолдастар) алуға болады. Еңбекшілердің керексінуін үнемі және терең зерттеу, тұтынушыларды тыңғылықты қамту нәтижесінде аталған сауда ұйымдары товар айналымы жоспарын мінсіз орындауға жетісуде. Мәселен, бұл сауда ұйымдарында үстіміздегі жылдың өткен айларында товар айналымы жоспары артығымен орындалды.

Сауда жұмысында сатушылар —негізгі тұлға. Олай болса, сауда мәдениетінің артып, товар айналымының тездетілуі ең алдымен сатушылардың адал, мінсіз еңбек етуіне байланысты. Өз жұмысында жауапкершілікті сезіп, товар сатуда тұтынушыларға адал қызмет етіп жүрген сатушылар ауданымызда аз емес. Троицк селолық магазинінің сатушысы Мамонтов, Петровка селолық магазинінің сатушысы Хоменко жолдастар товар айналымы жоспарын айдан- айға асыра орындайды. Бұл жолдастар мұндай табыстарға қалай жетіп отыр? Олар тұтынушылардың керексінуін үнемі зерттеп отырады. Селолық тұтынушылар одағына товарға барғанда еңбекшілерге керекті товарларды ғана алады.

Бірақ, бұл айтылғандардан аудан сауда ұйымдарының жұмысында ешбір кемшілік жоқ деген ұғым тумайды. Аудан сауда орындарының жұмысы әлі де болса еңбекшілердің өскелең тұтынушылық қажетін өтеу дәрежесіне сай емес. Сауда орындары тұтынушылардың керексінуін нашар зерттейді. Соның салдарынан еңбекшілер өздеріне керекті товарларын кей реттерде мезгілінде сатып ала алмайды. Мұның өзі ауданда товар айналымы жоспарының орындалмай қалуына әкеліп соғып жүр. Мысалы, осы жылдың 10 ай мерзімі ішінде Мұның негізгі себебі сол —аудандық тұтынушылар одағының басшылары (председателі Батырев жолдас) сауда орындарының жұмысын күнбе- күн қатаң бақылауға алмайды. Селолық тұтынушылар одақтарына товар бөлуде үлкен кемшіліктерге жол береді. Селолық тұтынушылар одақтарына товарлар еңбекшілердің керексінуіне қарай бөлінбейді. Көбінесе оларға товарлар бір мөлшерде жіберіле салады.

Благовещенко селолық тұтынушылар одағы (председателі Чередниченко жолдас) товар айналымы жоспарын ай сайын орындай алмай келеді. Үстіміздегі жылдың өткен 10 айы ішінде бұл тұтынушылар одағында тұтынушыларға 475 мың сомның товарлары жоспардағыдан кем сатылды. Бұл неліктен? Мұның мәнісі— аталған тұтынушылар одағында сауда жұмысы тиісті дәрежеде ұйымдастырылмаған. Мұнда тұтынушылардың керексінуі мұқият зерттелмейді және сатушылардың тұтынушыларды қамтуы нашар. Еңбекшілердің керексінуін жете зерттемегендіктен селолық тұтынушылар одағы күнбе-күн тұтынуға қажетті товарларды уақытында ала алмайды. Сөйтіп, көпшілік тұтынатын товарларды сатуда үзіліске жол беріледі. Істің жайы осылай төзгісіз бола түрса да, селолық тұтынушылар одағының басшылары товар айналымын тездетіп, сауда жұмысын шұғыл жақсарту жөнінде әлі күнге тиісті шаралар белгілемей келеді. Селолық тұтынушылар одағының басқармасы мәжілісінде сауда жұмысын жақсарту жөнінде әлі күнге мәселе қаралып, талқыланған емес.

Сол сияқты, бірқатар селолық магазиндерде де сауда жұмысының мәдениеті төмен. Еңбекшілердің көпшілік тұтынатын товарларға деген қажетін өтеуге жеткілікті қамқорлық жасалмайды. Тұтынушылар өздеріне қандай товарлар қажет екендігін ең алдымен сатушыларға білдіретіндігі белгілі. Алайда, кейбір сатушылар тұтынушылардың қандай товарлар керектігіне, сондай- ақ товарлардың сапасы, әдемілігі жөнінде айткан пікірлері мен талаптарына мұқият құлақ асып отырмайды. Ольговка селолық магазинінің сатушысы Евич, Тауағаш селолық магазинінің сатушысы Сағитов жолдастар тұтынушылардың талаптарымен мүлде санаспайды. Товар алуға барғанда тұтынушылардың қажетін ескермей, магазинде бар, керексіну таппайтын товарларды әкеледі. Мұндай товарлар магазинде ұзақ уақыт өтпей тұрады. Осы себепті аталған магазиндерде товар айналымы жоспары ай сайын орындалмай келеді.

Еңбекшілердің тұтыну қажетін мінсіз өтеуде сауда орындарының жергілікті өнеркәсіп орындарымен тығыз ынтымақта болуының зор маңызы бар. Әсресе, сауда ұйымдары товарлардың сапасын, әдемілігін жақсарту жөнінде сауда орындарына үнемі ықпал жасап отыруға тиіс. Бірақ, аудан сауда ұйымдары бұл жөнінде [illegible]

Ауданның көпшілік тамақтандыру орындарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Асханаларда тамақтың әзірленуі тамақтанушыларды көп реттерде қанағаттандырмайды. Тағамдардың ассортименті де мәз емес. Асханаларда, әсресе, ыстық тамақ әзірлеу ісі өте-мөте нашар. Бұл жөніндегі жоспардың орындалуы қанағаттанғысыз. Осының бәрі көпшілік тамақтандыру орындарында товар айналымы жоспарының толық орындалмауына әкеліп соғуда. Өткен мерзім ішінде ауданның көпшілік тамақтандыру орындарында товар айналымы жоспары небары 85 процент ғана орындалды.

Аудандық көпшілік тамақтандыру бөлімінің директоры Апретов, аудандық тұтынушылар одағы бөлімінің председателі Батырев жолдастар асханалар үшін тағамдардың түр- түрін, әсресе, картоп, овощь өнімдерін жеткілікті дайындауға тиісінше көңіл бөлмей келеді. Осы себептен асханаларда картоп пен овощьтан жасалған тағамдардың ассортименті аз болып жүр. Асханалар үшін ауылшаруашылық өнімдерін дайындауға селолық тұтынушылар одақтары нашар қатысып отыр. Істің жайы Николаевка, Железное, Преснов селолық тұтынушылар одақтарында өте- мөте нашар. Бұлардың әрқайсысы 19 түрлі ауылшаруашылық өнімдерінің көпшілігін әлі күнге дайындаған жоқ.

Сауда жұмысын жаңа талаптарға сай ұйымдастыруда сауда кадрларын дұрыс іріктеп алып, тәрбиелеудің маңызы өте-мөте зор. Бірақ, ауданда сауда кадрларын іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісінде кемшіліктер жоқ емес. Кейреттерде сауда жұмысына істе сыналмаған, сенімсіз адамдардың алынуына жол берілін жүр. Бұл сауда орындарында советтік сауда принципінің бұрмаланылуына, товарлардың талан- таражға салынуына әкеліп соғып отыр. Сауда ұйымдарының басшылары енді жерде мұндай кемшіліктерді тез түзетіп, сауда жұмысына істе сыналған, тұтынушылардың талабына сай қызмет істейтін адамдарды көптеп алуға тиіс.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті өздерінің жоғарыда аталған қаулысында селода сауданы тыңғылықты ұйымдастыру, товар айналымын жақсарту, сөйтіп, село еңбекшілерін күнбе- күн тұтынатын барлық товарлармен жеткілікті қамтамасыз ету міндетін алға қойды. Бұл міндетті ойдағыдай орындауға аудан сауда ұйымдарының толық мүмкіншілігі бар. Міндет —еңбекшілердің керексінуін үнемі және терең зерттеп, олардың магазиндерден керекті товарларын үздіксіз сатып алып тұруын қамтамасыз етуде, әрбір сатып алушыны мәдениетті қамтуда.

Сөз жоқ, аудан сауда ұйымдары өз жұмыстарындағы кемшіліктерді тез түзетіп, оны жаңа талаптарға сай ұйымдас[illegible]

Фельетон

Сөз Марчихын-Клендер туралы

Таң- атар -атпастан Бейсенбай қарттың үйіне жыйналған ауыл адамдары күн арқан бойы көтерілгенше арылған жоқ. Олар:

—Ата, біздікіне сіреңке керек еді, ақшасы міне.

—Бейсеке, жұынатын сабын ала келіңіз.

— Керосин бітіп қалған еді.

—Жетенжанға көйлектік мата ала келіңіз.

—Шай мен қантты да ескерерсіз.

—Маған капрон чулки ала келіңізші.

Бұл Ленин ауданы, Өндіріс ауылында болған оқыйға еді. Бұл ауылда 9 айдан бері дүкен жоқ. Ал, Бейсенбай қарт осында хат тасушы. Сондықтан Ильинка селосына күнде қатынап тұратын одан жұрт дүкеннен өз қажеттерін әкеліп беруді өтінетін көрінеді.

—Ауылда неге дүкен ашпайсыздар? — деген сұраққа:

— Оның жағдайы бар, —деп жауап берді колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Жылқыбай Жақыпов,— ауылда ешкімнің дүкенші болғысы келмейді, өйткені, алдағы болған дүкеншілер бұл қызметтен аброй ала алмады. Колхозшылар бұл жағдай сельпо басқармасында орын тепкен, топтасқан қулардың ісі деп баяндайды.

— Топтасқан қуларыңыз кімдер?

— Сельпо председателі Клен бас бухгалтер Марчихын және басқалары...

* * *

— «Іздегенге сұраған» дегендейін, мен де сізді көруге құмар едім, — деп қарсы алған-ды сельпо председателі Данил Владимирович Клен, бухгалтерлік қызмет іздеп келген Марчихын Иван Васильевичті. Өйткені, сельпо председателі бұл бухгалтердің қыйыннан қыйсынын табатын қу екенін ертеден білетін еді. «Қу шытырманнан жол табады, қарынды аш қылмайды, әй, сондай бір бухгалтер болса»— Кленнің ешкімге білдірмеспін дейтін ішкі пікірі осындай болатын. Ал, бұл екі қасиетті бір өзіне жыйнаған Марчихынды ол өлсе де босатсын ба?

Есепші есебін тапқан соң, бастық оны жапқан соң түйені түгімен жұтып жіберсе де оның ізі көріне ме? Әрине жоқ. Міне, сондай қу Клен председатель, Марчихын бухгалтер болған Комсомол сельпосының қоймасына түскен бағалы, жақсы заттардың келген ізі бар да, кеткен ізі жоқ болып жатады. Бұл мәселенің бірінші жағы, ал, екінші жағы...

—Жегенің жұғып, артыңа алаңдамас үшін өз қылмысыңды жасыра алатын сенімді адамдар керек, —міне, Марчихын мәселенің екінші жағына осылайша кірісті. —Баланы өзіңе көмекші болу үшін тәрбиелейді ғой, Данил Владимирович, —деді ол бір күні председательге. —Сіздің үлкен ұлыңыз Василийдің білімі аға есепші болуға жетеді. Енді оған оқып та қажеті жоқ. Ал, менің немерем Николай бухгалтердің көмекшісі бола алады.

Сельпоның «тегін» жатқан тамағын қарын тоя жеп, товарынан ин жаңарта киінуді арман ететін Кленге бұл ақыл қона кетті.

Бұдан соң көп кешікпей- ақ Марчихынның балдызы Вера Дмитриевна Корсаковская сельпоның кіші есепшісі болып тағайындалды. Бара -бара сельпоның атшылары мен күзетушілері де Марчихын мен Кленнің туысқандарынан болып шықты.

Арандары үшін арын сатқан бұл топ сельпоның жылы- жұмсағына орнады. Басқарманың басшысы да, катпысы да, өң ақыры атшысы да өздерінен болған соң кімнен айлын жыйсын. Қарсы шыққандардың соңына құғын салып, оларды «жұмыстан босатсаңыз екен» деген «өтініш» жаздыруға мәжбүр етті. Ол «өтініштер» сол күні «қанағаттандырылып» отырылды.

«Сынық айырдың сабы да өзіне лайық» дегендей, олар сатушыларды да өздерінің айтқанына көніп, айдауына жүретіндерден жыйнады. Селолық магазиннің сатушысы етіп өздерінің табақтасы Михаил Жуев дегенді қойды. Оның немересі Дияченконы орталық дүкенге сатушы етіп орналастырып та үлгерді.

Ағайынды тобырлар басқарып, билептөстеген бұл сельпоның сауда жұмысы өте төзгісіз жағдайда. Сельпо үстіміздегі жылдың он айы ішінде мемлекетке 716 мың сом борышты болып, жоспарын орындай алмады.

Жуырда осы Комсомол сельпосының жағдайын тексеруге аудандық тұтынушылар одағы председателінің орынбасары Т. Бектұрғанов келіп кетті. Кемшіліктерден қандай қорытынды шығарғанын өзі білсін, ал, Өндіріс ауылында дүкеннің болмауы жөніндегі оның пікірі тұтынушыларды таңырқатты.

— Дүкенші табылмағандықтан, —деді ол, —мұнда дүкеннің болмауын себепті деп санаймын (?!).

Аудандық тұтынушылар одағы басшыларының бұл пікірінің қаншалықты орынды екендігін шешуді біз Ленин аудандық Совет атқомине ұсынамыз. Сонымен қатар, еңбекшілердің қажетін өтейтін қасиетті орынға тобымен орналасып, тұтынушылар мүддесін аяққа басып отырған Кленде мен Марчихындерді, олардың сельподағы дос- жарандарын ауыздықтауды да сол Совет атқомінен күтеміз.

Т. ЕСІЛОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

Партиялық [illegible]

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

7 декабрьде АҚШ Елшісі Ч. Болен мырза ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовқа жолығып, 8 декабрьде президент Эйзенхауэрдің Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясында атом қару -жарағы туралы мәселеге арналған сөз сөйлейтіндігін хабарлады. Өз ұқметінің тапсыруына сүйеніп, Елші АҚШ президентінің сөзіндегі ұсыныстарға көңіл аударуды сұрады.

В. М. Молотов хабары үшін Елшіге алғыс айтып, атом қаруы туралы мәселе өте маңызды мәселе екендігін және Совет Үкметі АҚШ президентінің бұл мәселе туралы сөз сөйлеуіне, мұндай жағдайларға бұдан бұрынғысындай өте байыптылықпен қарайтындығын мәлімдеді.

9 декабрьде Ч. Болен мырза В. М. Молотовқа жолдаған хатында президент Эйзенхауэрдің сөйлеген сөзінен үзінділер келтірген.

ФРАНЦИЯНЫҢ БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

ПАРИЖ, 12 декабрь. (СОТА). Бүгін Парижда бейбітшілікті жақтаушылардың ұлттық конференциясы ашылды. Конференцияға елдің барлық аудандарынан келген 500 делегат қатысуда. Конференцияның күн тәртібіне екі мәселе қойылған: 1. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының жұмысы және француз халқының Францияның хауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық шиеленісті бәсендету жолындағы күресі туралы. 2. Елде өткізіліп жатқан бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысына қалың көпшіліктің қатысуын және оны нәтижелі болуын қамтамасыз ете алатын бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысын ұйымдастырудың формалары мен шаралары.

ИНДИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР- МИНИСТРІ НЕРУДІҢ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ДЕЛИ, 12 декабрь. (СОТА). Индияның информациялық бюросы мынаны хабарлайды:

Пресс Траст оф Индия агенттігінің хабар еткеніндей, Индияның премьер-министрі Неру кеше Дехра- Дунедегі көп адам қатысқан митингіде сөз сөйлеп, Индия халқын Пакистан мен АҚШ-тың арасындағы жасалғалы отырған соғыс шартына байланысты болатын оқыйғалардың қандайын болса да бірауызды болып қарсы алу үшін берік бел байлауға шақырған.

«Егер Пакистанның армиясы, —деген Неру, —АҚШ-тың көмегі нәтижесінде күшейетін болса, бұл тек қана Индияға емес, барлық Оңтүстік- Шығыс Азияға әсер ететін болады. Бұл осы аудандағы күштердің арасалмағын сөзсіз бұзады.

ИРАК МҰНАЙШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ ӘЛІ ЖҮРІП ЖАТЫР

БЕЙРУТ, 12 декабрь. (СОТА). Баспасөздердің хабарларына қарағанда, Иракта[illegible]

де аудандық тұтынушылар одағы жүйесінде товар айналымы жоспарының небары 95,5 процент ғана орындалуы бұған толық дәлел.

нағаттанғысыз шұғылданып келеді. Соның салдарынан жергілікті өнеркәсіп орындары сауда ұйымдарына сапасыз товарлар беріп жүр.

тырады.

Н. БОЛАТБАЕВ,
ҚКП Преснов аудандық комитетінің секретары.

Жоспардан тыс товар сатылуда

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысына Киров атындағы совхоздың жұмысшылар кооперациясының коллективі сауда жұмысын жақсартумен, тұтынушыларды мәдениетті камтумен жауап беруде.

Совет саудасының мәдениетін арттыру, товар айналымын тездету жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы күресті күшейту нәтижесінде совхоздың жұмысшылар кооперациясы осы жылға белгіленген товар айналымы жоспарын 1 декабрьге дейін 103 процент орындады.

Товар айналымы жоспарының артығымен орындалуы —ең алдымен, сатушылардың қажырлы еңбегінің жемісі. Сатушылар тұтынушыларды күн сайын мінсіз қамтыйды. Тұтынушылардың бұйымдардың ассортименті, сапалы және олардың сыртқы көрінісінің әдемілігі жөнінде айтқан ұсыныстары мен талаптары мұқият ескеріліп отырады. Мұндай сатушылардың қатарына Каралев, Кулаков, Чернышева жолдастарды қосуға болады. Тұтынушыларды мәдениетті камту нәтижесінде бұл жолдастардың әрқайсысы товар сатудың жоспарын осы жылғы 1 декабрьге дейін 114 проценттен орындап шықты.

Кәзіргі уақытта совхоздың жұмысшылар кооперациясында тұтынушыларға жоспардан тыс товар сатылуда.

Ғ. ОСПАНОВ.
Совет аудандық тұтынушылар одағының нұсқаушы- ревизоры.

Редакцияға осы жылғы сентябрь айында «Редакцияға хат» деген тақырыппен тілші хаты түскен болатын. Онда Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының жылқы фермасының меңгерушісі коммунист Балгожа Телтаевтың өз жұмысына жауапсыз қарайтындығы, партия мүшесі бола тұра ескі салт- сананы қолдап, әйел теңдігін аяққа басу сияқты теріс мінездер көрсетіп жүргендігі айтылған еді.

Петропавл аудандық партия комитетінің секретары Ш. Қабдунасов жолдас осы хат туралы мынаны хабарлады:

«Партия мүшесі Телтаевтың жөнсіз мінездері «Луч Ленина» колхозы бастауыш партия ұйымында қаралып, тілші хатында көрсетілген фактілер толық анықталды. Ескілік салт- сананы қолдап, әйел теңдігін аяққа басқаны және өз жұмысына жауапсыз қарағаны үшін Телтаев жолдасқа ҚКП Петропавл аудандық комитеті қатаң сөгіс жариялады және колхоз басқармасына оны жылқы фермасының меңгерушісі қызметінен босатуды ұсынды.

паниясы жұмысшыларының 5 декабрьде басталған ереуілі әлі тоқтаған жоқ. 2500 жұмысшы-араптардың барлығы да ереуілге қатысуда. Ереуілшілер жалақының арттырылуын және кәсіподақты ұйымдастыруға право берілуін талап етуде.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Мемлекеттік, кооперативтік және колхоз саудасының шұғыл өркендетілуін қамтамасыз етейік

Сауда қызметкерлерінің республикалық кеңесі

Алматыда мемлекеттік және кооперативтік сауда қызметкерлерінің республикалық кеңесі болып өтті. Кеңеске магазиндердің, асханалардың, жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің, сауда орындарының, тұтынушылар одақтарының қызметкерлері, аудандық, қалалық және облыстық сауда бөлімдерінің, Қазақ ССР сауда, азық- түлік товарлары өнеркәсібі, көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібі министрліктерінің, Қазақстан тұтынушылар одағының басшылары қатынасты.

Кеңеске қатынасушылар республиканың Сауда Министрі Жангозин жолдастың «ССР Одағы Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын жүзеге асыру жөніндегі» баяндамасын тыңдап, талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзге шығып сөйлеушілер Коммунистік партия мен Совет Үкметінің совет саудасын мейлінше өркендетіп, еңбекшілердің өнеркәсін және азық- түлік товарларға деген қажетін өтеуге барлық жағдайларды жасап отырғандығын атап көрсетті. Қазақстанда товар айналымы 1940 жылмен салыстырғанда екі есе, ал, өткен жылмен салыстырғанда бір миллиард сом артты. Совет Үкметі жылдың екінші жартысында республикаға жүздеген миллион сомның қосымша түрлі азық- түлік және өнеркәсіп товарларын бөлді.

Кеңеске қатынасушылар Қазақстан партия және совет органдарының, мемлекеттік және кооперативтік сауда орындары қызметкерлерінің республикада сауданы шұғыл жақсартуға әлі де жетісе алмай отырғандығын атап өтті. 1950 жылды қоспағанда, бірнеше жыл бойы сауда ұйымдары товар айналымы жөніндегі мемлекеттік жоспарды орындай алмай келеді. Жоспарды орындауда товарларды магазиндер мен дүкендерге кезінде іскерлікпен жеткізу шешуші роль атқарады. Алайда, көптеген сауда қызметкерлері бұл жөнінде кешіргісіз баяулық жасайды, ал, тіпті көп реттерде жағдайды білмейтіндіктерін көрсетеді. Семей, Жамбыл және Гурьев қалалық сауда орындарында, Алматы қалалық өндіріс сауда орнында галантерея товарларының жартысынан көбінің қоймаларда жатып қалу сияқты фактіні ештеңемен ақтауға болмайды.

Қазақ ССР-нің сауда жөніндегі мемлекеттік инспекциясы басқармасының бастығы Бекболатов жолдас және басқа шешендер көптеген сауда бөлімдерінің бір сауда ұйымында басы артық товарларды екінші сауда ұйымдарына ауыстыру, сол сияқты, қала мен село арасында да товарларды осылай ауыстыру сияқты мүмкіншіліктерді әлі күнге дейін пайдаланбай отырғандығын атап көрсетті. Осының салдарынан бір жерде товарлар көптеп жиналып қалады, ал, екінші жерде ондай товарлар жетпейді. Мәселен, Шымкенттің қалалық сауда орнында түрлі ішкиімдердің екі жылға жететін запасы болған, ал, Оралдың қалалық сауда орнында мұнда ішкиімдер үш апта бойы ғана сауда жасауға әрең жеткен. «Қарағандыуголь» комбинатының жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің кәсіпорындарында көп уақыт сіреңке болмады, ал, облыстық тұтынушылар одағының қоймасында бұл бұйымның запасы қажетті мөлшерден әлде қайда көп болды.

Кеңес товар қорларын жоспарлау мен бөлудегі, көтерме сауда базаларының жұмысындағы кемшіліктерге баса назар аударды.

— Макинка станциясында, —деді Ақмола облыстық сауда бөлімінің меңгерушісі Гололобов жолдас, —пешке қажетті шойын заттар құятын завод бар. Бұл өнімнің 65 проценті республикадан тыс жерлерге жіберіледі. Ал, Ақмола облысында пешке қажетті шойын заттарды Омск мен Магнитогорскіден тасып әкелуді жөн көретін сыяқты.

Тұтынушының қажетсінуі мен керексінуін, алушының ұлттық ерекшелігін, маусым мерзімдерін, ауарайы ерекшелігін, сауданың және басқа жағдайлардың терең зерттеу жоспарлаудың негізі болып табылады. Алайда, сауда орындары тұтынушылардың қажетін зерттеуді нашар жолға қойған. Облыстық сауда бөлімдері жоспар жасағанда дүкен қызметкерлерінің ескертулері мен ұсыныстарын еске алмайды.

Товарларды дұрыс жоспарлауға және кезінде жеткізуге тиісті көтерме сауда базалары өзінің жұмысын баяу қайта құруда, бұйымдардың сапасын жақсартып, түрлерін көбейту үшін нашар күрес жүргізуде.

Көтерме сауда базалары сауда ұйымдарын заказ бойынша келісілген товарлармен және олардың түрлерімен кезінде қамтамасыз етіп отырмайды.

Семей қалалық саудасы № 12 магазинінің бөлім меңгерушісі Трухина жолдас былай деп мәлімдеді:

— Сауда министрлігінің көтерме сауда базалары бізді товармен нашар қамтамасыз етеді, кәзір пима аяккиімдерін қажет етушілер көп. Бірақ, біз пиманы жазды күндері ғана сатып жүрміз.

Товар айналымы жоспарының орындалуы көп реттерде мемлекет бөлген қорлар бойынша товарларды кезінде және бір қалыпты босатып отыруға байланысты. Алайда, республикада бұл жөніндегі жағдай да нашар. Қазақстанның сауда ұйымдары 9 айда ондаған миллион сомның түрлі товарларын кем алды.

Кеңеске қатынасушылар Қазақстанның көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындарының жұмысын сынады, бұл кәсіпорындары бұйымдарды тур- түрі бойынша өндіру жоспарын орындамайды, көп реттерде сапасыз бұйымдар шығарады.

Жергілікті және кооператив өнеркәсібі товарлар өндіруді кеңейте түсу үшін өзінің мүмкіншіліктерін мүлде қанағаттанғысыз пайдаланып отыр.

— Павлодар облысында, —деді облыстық тұтынушылар одағының председателі Климов жолдас, —жүздеген километр алқаптарды алып жатқан ормандар бар. Солай бола тұрса да, біз арба жәшіктерін ешбір орманы жоқ Қарағанды облысынан әкелің жүрміз. Жыл бойы біз колхозшылар сұраған бірде- бір доғаны, бірде- бір жетекті сата алмадық.

Кеңесте овощь пен картоп саудасының нашар ұйымдастырылып отырғандығы айтылды. Мәселен, 1948 —1952 жылдары Алматыда картоп сату артқан жоқ, қайта екі есе кеміп кетті. Сауда орындары мен трестер бойынша картопты ұзақ уақытқа сақтауға салу жоспарының үштен бірі ғана орындалды. Қазақстанның сауда ұйымдары өзінің колхоздармен жұмысын дайындау наукандары кезінде яғный жылына 3—4 ай ғана жүргізеді. Қалған уақытта колхоздармен байланыс жасамайды, овощь шаруашылығын ұйымдастыруда оларға көмек көрсетпейді.

Колхоздардың және колхозшылардың артық ауылшаруашылық өнімдерін сатуды ұйымдастырудың зор маңызы бар.

— Бұл жөнінде, —деді Алматы облыстық сауда бөлімінің меңгерушісі Иванов жолдас, —кооперация қызметкерлері әзір бос сөзбен шұғыданумен ғана тынын жұр.

Сол сияқты, кеңесте көпшілік тамақтану орындарының жұмысын бұдан былай да жақсарта беру, сауда орындарын барған сайын кеңейте түсу, колхоз рынокторын жөндеу, сауда кадрларын даярлау мәселелері де талқыланды.

Жарыссөзде 43 адам сөз сөйледі. Олар товар айналымын бұрынғыдан да өрістетуге және тұтынушыларды қамтуды жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстар енгізді.

Кеңестің жұмысына Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретарьлары Шаяхметов және Сужиков жолдастар, республика Министрлер Советі Председателінің орынбасары Нұрымбаева жолдас, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары Ермағамбетова жолдас, ССРО Сауда министрлігінің сауда ұйымдастыру басқармасының бастығы Серебренников жолдас қатынасты.

Кеңестің соңында Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Гарагаш жолдас сөз сөйледі.

(ҚазТАГ).

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖОҒАЛҒАН МЕЛОДИЯЛАР»

Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОТ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ!
ССРО Сауда министрлігінің Свердловскідегі «Союзпосылторг» бөлімшесі

Азаматтардың заказдары бойынша оларға мынадай товарлар жіберед':

СЫРНАЙЛАР:	Шуйск және Калуға фабрикалары өндірген екі қатарлы «Хромка» сырнайы	385 сом.
—«—	Киров артелі өндірген осындай сырнай	460 сом.
ЖАРТЫЛАЙ БАЯНДАР:	Киров артельдері өндірген футлярымен	1083 сом.
ПАТЕФОНДАР:	бір пружиналы ПТ—3	365 сом.
САҒАТТАР:	корпусы ағаштан немесе сынбайтын шыныдан көркемдеп жасалған үстелге қоятын НЧ—2 сағаттары	214 сом.
—«—	Ағаш корпусты НЧ—9 сағаттары	85 сом.
—«—	Металл корпусты гирьлі сағаттар	42с. 30т.
—«—	Металл корпусты Б—6 будильниктер	45с. 20 т.
—«—	Пластмассалы корпусты Б—8 будильниктер	54с. 90т.
ВЕЛОСИПЕДТЕР:	Сталин атындағы завод өндірген еркектердің «ЗИС» велосипеді	760 сом.
—«—	Харьков заводы өндірген «ХВЗ» велосипеді	715с. 40т.
—«—	Харьков заводы өндірген «ТУРИСТ» В—32 жеңіл велосипедтер	1002 сом.
—«—	Львов заводы өндірген В—22 әйелдер велосипеді	776с. 80т.
ЖАСӨСПІРІМДЕР ВЕЛОСИПЕДТЕРІ:	Ер балалардың «Орленок» В—72 велосипеді	594 сом.
	Қыз балалардың «Ласточка» В—82 велосипеді	602 сом.

Товарлардың бағасы ішіне бөлшек сауда бағасы, буып-түю және жөнелту, сондай- ақ почта қызметі үшін алынатын ақы қосылады.

Сол сияқты, мұнда скрипкалар, гитарлар, мандалиндер және балалайкалар, фотоаппараттар мен фототоварлар, радиотоварлары, радиолампалары, камерасымен бірге велосипедтердің және автомашиналардың покрышкалары, волейбол покрышкалары мен камералары және басқа товарлар сатылады.

Бұл товарлардың бағалары мен оларды жөнелту шарттары әрбір почта бөлімдерінде болатын «Союзпосылторгтың» прейскурантында көрсетілген.

Посылкалар жоғарыда көрсетілген товарлардың тұрар бағалары почта арқылы толық алынғаннан кейін ғана жіберіледі. Ұйымдар мен колхоздарға товар жіберілмейді.

Почтамен ақша жібергенде толтырылатын талонға фамилияңызды, атыңызды және әкеңіздің атын, адресіңізді, таланның сыртқы бетіне— алғызатын товардың аты мен санын толық және анық жазыңыздар.

Заказдар мен ақшаны мына адреске жіберіңіздер. Свердлов қаласы, Решетников көшесі, 23-үй. «Союзпосылторгтың» Свердлов бөлімшесі.

Петропавл қаласы, Комсомол көшесі, 23-үйде тұрушы Евгений Романович Максимяк Петропавл қаласы, Безбожная көшесі, 34-үйде тұратын Мария Семеновна Максимяктан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, 5-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, ет комбинатының шөп базасында тұрушы Полина Войцеховна Никифорова Андрей Ефремович Никифоровтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02854. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.